

2018 жылдың 30 қарашасында 1-желтоқсан «Тұңғыш Президентіміздің» мерекесіне орай Тұяқова Айымгүл Жасұланқызы «Елбасы ел – тірегі, ел намысы» атты мерекелік іс шара өткізді. Өткізілген орны – акт залы. Мерекелік іс-шарада ПІК тобы ерекше белсенділік танытты. ГЭСІК тобының білім алушысы Нұрланұлы Ұлан және АСІК тобының білім алушысы Әбдіқамал Алсын Елбасымызға өздері арнап шығарған өлең шумақтарын оқыса, ПІК және ПІР топтарының мың бұралған бишілері, АСЗК тобының білім алушысы Қолғанатов Ерсейіт, Айшиев Алмат пен Қайратұлы Мақсат өнерлерін көрсетті. П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінен келген білім алушысы Жаңатай Ерен сыбызғышы Кәліктің күйі «Шопан сазды» орындап, ЭІКІ және ТІК топтарының білім алушылары Қырғызбаев Олжас пен Жұмабай Әділетті Н.Тілендиевтің күйі «Көңіл ашар» күйімен ерекше қошеметке ие болды.

